



Қош келдіңіздер!



Тапқыр достар





Білімділік

Жыл бойы
алған
білімдерін
тексеру



Дамытушылық



Балалардың
логикалық
ойлауын
дамыту



Мақсаты

Тәрбиелік

Шапшаңдыққа,
ептілікке,
тапқырлыққа
тәрбиелеу





Сайыс кезеңдері



1. Таныстыру.
2. Ойлан тап.
3. Кім жылдам.
4. Мен айтамын, сен жалғастыр.
5. Кім тапқыр.
6. Кім қанша заттарды біледі.
7. Жыл мезгілдеріне байланысты қандай өлең жолдарын білеміз?



1 кезең

Таныстыру



“ОЙЛАН ТАП”

2 КЕЗЕҢ



1. Көкеністер мен жемістерді қай мезгілде жинайды?
(Күз мезгілінде жинайды)
2. Бір жылда қанша мезгіл бар? (4 мезгіл бар)
3. Қыстап қалатын құстарды ата? (Қарға, торғай)
4. Бағдаршамның қанша көзі бар? (үш көзі)
5. Қазақстан Республикасының президенті кім? (Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев)
6. Қазақстан Республикасының елордасы қай қала? (Астана қаласы)
7. Біздің еліміздің туының түсі қандай? (көк)
8. Өлі табиғатқа нелер жатады? (Су, ауа, топырақ, құм, тас)
9. Тірі табиғатқа нелер жатады? (Адам, жануарлар, өсімдіктер)
10. Дауысты дыбыстар қаншаға бөлінеді және оларды қандай текше мен белгілейміз? (екіге бөлінеді, дауысты және дауысыз, қызыл, көк текше мен белгілейміз)
11. Дыбыс дегеніміз не? (естейміз, көреміз, айтамыз, жазамыз)
12. Әріп дегеніміз не? (оқимыз, жазамыз, көреміз)



“КІМ ЖЫЛДАМ”



1. 1 ден 10-ға дейінгі сандарды кері және тура санау. (1,2,3,4,5,6,7,8,9,10)
2. Геометриялық пішіндерді ата? (тік төрт бұрыш , үш бұрыш , шаршы, шеңбер)
3. Гүлжан-2 кәмпит, Нұржан- 4 кәмпит алды. Барлығы қанша кәмпит алды ? 6 кәмпит)
4. Үлкен санға кіші санды қосу.

1-топ: $7+2=$

2-топ: $9+1=$

$6+2=$

$5+3=$

$7+3=$

$8+1=$

5. Үлкен санға кіші санды азайту.

1 – топ: $7-4=$

2 – топ: $10-2=$

$6-2=$

$9-2=$

$5-3=$

$8-3=$

6. « Математикалық жұмбақтар »

1 топ. Бес алманың үшеуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолың да қалады? (2)

2 топ. Табақта тұр бес өрік
Қандай тәтті жесе өрік
Бесеуінде жеп қойсам
Қалады сонда неше өрік? (0)

Көлден ұшты 4 қаз
Қайтып келді 2 қаз
Ұшып кетті нешеуі? (2)



Музыкалық жаттығу.




“ Мен айтамын, сен жалғастыр ”



4 - КЕЗЕҢ


1. Отан-..... (оттанда ыстық)
2. Туған жер..... (алтын бесік)
3. Ас атасы-..... (нан)
4. Нан -..... (тіршілік көзі)



Тыйым сөздері


*Нанды бір қолмен үзбе,
Нанды жерге тастама,
Гүлді жұлма.*

*Құстың ұясын тиіспе, жұмыртқасын алма,
Құмырсқаның илеуін бұзба,
Жалғыз ағашты шаппа.*



Сергіту сәті:

- Ұзын құлақ сұр қоян
- Естіп қалып сыбдырды,
- Ойлы-қырлы жерлермен
- Ытқып-ытқып жүгірді.
-
- Қарап еді артына
- Қиығын сап көзінің,
- Келе жатқан томпаңдап,
- Көжегі екен өзінің.






5 кезең” “Кім тапқыр”

- 1.Төрт түлік малды ата?(сыыр,ат,ешкі,қой)
- 2.Үй құстарына қандай құстар жатады?
(тауық,әтеш,балапан, үйрек)
- 3.Қолда неше саусақ бар? (Он саусақ)
- 4.Лақтың енесі ... (Ешкі)
- 5.Ол үй күзетеді... (Ит)
- 6.Пеш , түбінде пырылдап ұйықтайды? (Мысық)





Жұмбақтар шешу



- 1. Асты тас үсті тас
- Ортасында піскен ас.
- (Нан)
- 2. Күндіз бәрі қашады
- Түнде аспан басады.
- (Жұлдыз)



“Кім қанша заттарды біледі”.



Нұрға толы бар аймақ
Күн шығады арайлап
Ұйқымыздан тұрамыз
Беті - қолды жуамыз.
Ата - анаға ереміз.
Мектепке біз келеміз,
Айта қойшы балалар
Бұл қай мезгіл? (танертең)

Тамақтанып аламыз
Біз тәртіпті баламыз
Ойнаймыз ән - саламыз
Серуенге шығамыз
Қыдырамыз далада
Айта қойшы балалар
Бұл қай мезгіл? (түс)

Үйлерде шам жанады
Маңай тастай қараңғы
Дем алады бар әлем
Айта қойшы балалар
Бұл қай мезгіл? (түн)

Көлеңкелер ұзарып
Күн батады қызарып (кешкілік)



байланысты қандай өлең жолдарын білеміз?”

- 1 – топ: Қыс туралы өлең жолдарын айту.
- 2 – топ: Күз туралы өлең жолдарын айту.



Қорытындылау

- Тату өскен баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Бір шаңырақ астында,
Бірге білім аламыз.



Назарларыңызға рахмет!

